"Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 мамырдағы N 472 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары;

2) "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының 2003 жылға арналған аса маңызды көрсеткіштері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 21 мамырдағы
N 472 қаулысымен
бекітілген

# "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары

## КІРІСПЕ

"Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - "АТСП" РМК) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ақтау теңіз сауда порты" акционерлік қоғамының мәселелері" туралы 1996 жылғы 26 наурыздағы N 356 және "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мәселелері" туралы 1997 жылғы 23 сәуірдегі N 644 қаулыларына сәйкес акционерлік қоғамның негізінде құрылды. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысының

негізінде кәсіпорын Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне енгізілді, 1996 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Маңғыстау әділет басқармасында тіркелді, (куәлігі N 513-1943-ГП). Кәсіпорын Ақтау мен Баутинода орналасқан екі портты пайдаланады. Баутино ("Баутино" жүк ауданы) теңіз портының операциялары шектелген. Порттың бас офисі Ақтауда орналасқан. Осы даму жоспарында порттың барлық көрсеткіштері Баутино жүк ауданының көрсеткіштерін ескере отырып көрсетілген.

"АТСП" РМК өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Заңын , Қазақстан Республикасы Президентінің " Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Жарлығын , өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ Жарғыны, Порт дәстүрлерінің жиынтығын, қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шарттарды басшылыққа алады.

"АТСП" РМК дербес теңгерімі, банк мекемелерінде есеп және басқа да шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген әрі мемлекеттік және орыс тілдерінде фирмалық атауымен мөрі бар. Кәсіпорын тиеу-түсіру жөніндегі қызметті және басқа да қызметтерді отандық та, шетелдік те заңды тұлғаларға ұсынады .

Ақтау теңіз сауда порты 1963 жылы салынды, Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан және бастапқыда Маңғышлақ аймағының уран өнеркәсібі мен мұнай кен орындарын дамытуды қолдау мақсатында құрылды. Кейіннен порт БН-350 атом электр станциясын, химия саласының зауыттарын және тікелей Ақтау қаласының өзін салуда елеулі рөл атқарды.

Порт дамытыла бастағаннан-ақ, өзіне бас және көмекші толқын тосқынын және бір мезгілде төрт жүк айлақтарының құрылысын қамтыды. 1969-1986 жылдар кезеңінде төрт мұнай құю айлағы, сондай-ақ паром кешені құрылды.

Кеңестер Одағы ыдырағанға дейін Ақтау порты арқылы тасымалдаудың едәуір бөлігі мұнай тасымалы болды, яғни 80-жылдардың басында жылына 7 млн. тоннаға дейін жетті, құрғақ жүк тасымалдары жылына 300 мың тоннадан асқан жоқ.

Кеңестер Одағының ыдырауымен құрғақ жүк және мұнай тасымалдау көлемдері едәуір төмендеді. Тасымалдың өсуі 1995 жылдан - қазақстан металының қарқынды экспортталуы мен мұнай тасымалы көлемінің ұлғаюынан бастап байқалды.

Каспий теңізі деңгейінің көтерілуіне байланысты 90-жылдардың басында туындаған проблемаларды еңсеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі 1993 жылы Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне (бұдан әрі - ЕҚҚДБ) Ақтау теңіз портын оңалтуға арналған қаражатты инвестициялау туралы өтініш жасады.

1993 жылдың қыркүйегінде ЕҚҚДБ портты қайта құрудың Бас жоспарын дайындауға кірісті.

Бас жоспар бойынша зерттеулер негізінде ЕҚҚДБ заемды қайтаруға Қазақстан

экономикасының әлеуетінде жеткілікті сенімділік бар екендігі және портты қайта құрудың 1-кезеңін, Қазақстан тарапының жоба құнының кемінде 25 % міндетті ортақ қаржыландыру шартымен, құны 74 млн. АҚШ долларын инвестициялау қажеттігі туралы қорытынды шығарды. Портты қайта құру 1997-1999 жылдар кезеңінде жүзеге асырылды.

"АТСП" РМК негізгі өндірістік қызметі өз айлақтарында тиеу-түсіру жұмыстары ( жүктерді өңдеу), пароммен тасымалдау үшін жолаушыларға қызмет көрсету және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамаларына қайшы келмейтін қызметтің басқа да түрлері болып табылады.

Ақтау портының жылына 1,5 млн. тонна құрғақ және 8 млн. тонна сұйық жүк өткізу қабілеті бар. Құрғақ жүкті ауыстырып тиеумен байланысты негізгі қорлар - айлақтар, қоймалар және қойма алаңдары қызмет және әкімшілік ғимараттары мен барлық коммуникациялар толық жаңартылған.

Баутино жүк ауданының жылына 150 мың тонна құрғақ жүкті өңдейтін өткізу қабілеті бар.

Бүгінгі күні екі порт тәулік бойы жұмыс істейді, портқа кемелердің кіруі мен одан шығуы, сондай-ақ порт операциялары, демалыс пен мереке күндерін қоса алғанда, аптасына күн сайын тәулігіне 24 сағат жүргізіледі. Порттарда 13 айлақ бар, оның ішінде: жалпы ұзындығы 400 метр және жалпы қайта жаңартылған аумағы 17 гектар 3 айлағымен (N 1, 2, 3) көп мақсатты терминал.

Кәсіпорынды басқарудың ұйымдық құрылымы қоса берілген.

## 2. 1996-2000 жылдардағы өндірістік-қаржылық дамуды талдау

"АТСП" РМК-ті акционерлік қоғамының негізінде құрған сәтінен бастап өндірістік-қаржылық қызметінің негізгі көрсеткіштері мынадай болып сипатталады:

1-кесте

| | Өлшем бірлігі | 1996 ж. | 1997 ж. | 1998 ж. | 1999 ж. | 2000 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жүкті ауыстырып тиеу | мың тонна | | | | | |
| Мұнай | мың тонна | 100,7 | 867,9 | 1815,3 | 2066,8 | 3385,5 |
| Құрғақ жүктер, барлығы | мың тонна | 275,3 | 282,3 | 195,4 | 281 | 758,6 |
| Металл | мың тонна | 222,2 | 225,9 | 140,1 | 235,4 | 701,5 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Астық | мың тонна | 16,4 | 10,7 | 27,9 | 7,6 | 14,5 |
| Басқалары | мың тонна | 36,7 | 45,7 | 27,4 | 45,5 | 40,2 |
| Паромдардағы жүк (брутто) | мың тонна | 0 | 0 | 0 | 0 | 7,7 |
| Ауыстырып тиеудің барлығы | мың тонна | 376,0 | 1150,2 | 2010,7 | 2355,3 | 4149,4 |
| Кірістер-барлығы | млн. теңге | 198,2 | 444,3 | 589,7 | 1103,3 | 2553,3 |
| Шығыстар-барлығы | млн. теңге | 171,6 | 432,2 | 948,8 | 4271,1 | 1877,5 |
| Оның ішінде | | | | | | |
| а) өндірістік өзіндік құн | млн. теңге | 92,1 | 168,2 | 204,8 | 326,9 | 609 |
| б) кезең шығыстары | млн. теңге | 73,5 | 245,3 | 254,7 | 678,5 | 712,2 |
| в) басқа шығыстар | млн. теңге | 6,0 | 18,7 | 489,3 | 3265,7 | 556,3 |
| Салық салынғанға дейінгі кіріс | млн. теңге | 26,6 | 12,1 | -359,1 | -3167,8 | 675,8 |
| Табыс салығы | млн. теңге | 8,0 | 3,6 | 28,3 | -5,5 | 322 |
| Таза пайда | млн. теңге | 18,6 | 8,5 | -387,4 | -3162,3 | 353,8 |

---

Құрғақ жүк айлақтарын қайта құруды жүргізуге байланысты 1998 жылы металдарды ауыстырып тиеу бойынша өндірістің төмендеуі байқалды. 1998 жылы да және 1999 жылы да шығындардың тепе-тең емес өсуі банкілердің таңдалған несиелері бойынша теріс бағамдық айырманы есептеуге байланысты, бұдан басқа, 1999 жылы байқалған бағамдық айырманың едәуір өсуі сәуірдегі қазақстандық теңгенің АҚШ долларына шаққандағы құнының төмендеуіне байланысты, бұл 1998-1999 жылдардың қаржы нәтижелерінен көрінеді.

Төменде көрсетілген кестеде 1997-2000 жылдардағы ақша қаражатының қозғалысы көрсетілген, 1996 жылғы деректер жоқ.

2-кесте

(млн. теңге)

| р/с N | Көрсеткіштердің атауы | "Ақтау теңіз сауда порты" РМК бойынша барлығы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1996 ж. | 1997 ж. | 1998 ж. | 1999 ж. | 2000ж. |
| **1.** | **Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы** | | | | | |
| 1.1. | Ақша қаражатының түсуі | 0,0 | 341,8 | 555,0 | 993,3 | 2220,4 |
| 1.2. | Ақша қаражатының шығуы: | 0,0 | 310,3 | 451,7 | 673,2 | 1442,5 |
| | Операциялық қызметтердің нәти. жесінде таза ақша қаражатының ұлғаюы (+), азаюы (-) | 0,0 | 31,5 | 103,3 | 320,1 | 777,9 |
| **2.** | **Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы** | | | | | |
| 2.1. | Ақша қаражатының түсуі | | | | | |
| 2.2. | Ақша қаражатының шығуы: | | 1,0 | 2706,0 | 2480,9 | 609,2 |
| | Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза сомасы | 0,0 | -1,0 | -2706,0 | -2480,9 | -609,2 |
| **3.** | **Қаржылық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы** | | | | | |
| 3.1. | Ақша қаражатының түсуі: | | | | | |
| | Банк несиелерін алу | 0,0 | 59,9 | 2756,8 | 2322,1 | 558,2 |
| 3.2. | Ақша қаражатының шығуы: | | | | | |
| | Қысқа мерзімді несиені өтеу | 0,0 | 0,0 | 3,0 | 0,0 | 0,0 |
| | Ұзақ мерзімді несиені АҚШ долларына өтеу - 4735972,31 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 632,5 |
| | Қаржылық қызметтен | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| түсетін таза ақша қаражаты | 0,0 | 59,9 | 2753,8 | 2322,1 | -74,3 |
| Кезең басына ақша қаражаты | | 0,5 | 90,9 | 242,0 | 403,3 |
| Таза ақша қаражаты | 0,0 | 90,4 | 151,1 | 161,3 | 94,4 |
| Кезең аяғына ақша қаражаты | 0,5 | 90,9 | 242,0 | 403,3 | 497,7 |

1999 жылдың қыркүйегінде портты қайта құрудың 1-кезеңінің аяқталуы нәтижесінде құрғақ жүкке қызмет көрсету бойынша Ақтау портының тиеу-қайта тиеу кешенінің мүмкіндігі, бұрынғыдай жылына 8,0 млн. тонна мұнайды ауыстырып тиеу мүмкіндігін сақтай отырып, жылына 1,5 млн. тонна деңгейге дейін жеткізілді. 2000 жылы металды ауыстырып тиеудегі жағдай тұрақталды, оның көлемі 1999 жылғы деңгейден 3 есе артты.

Қазіргі уақытта Ақтау порты өзінің табысты дамуына мүмкіндік беретін негізгі технологиялық факторлары бар қазіргі заманғы көп мақсатты терминал болып табылады.

Жүк үймеленбеген үлкен алаңдармен қамтамасыз етілуі кеме мен қоймалар арасында жүктерді жеңіл және жылдам көлбеу ауыстыру жүктерді тиімді сақтауға мүмкіндік береді.

Жалпы ұзындығы 550 қума метр үш әмбебап құрғақ жүк айлағының болуы 4 кемені бір уақытта өңдеуге мүмкіндік береді.

Үш мұнай құю айлағы (N 4, 9, 10) қанағаттанарлық жағдайда ұсталуда. Олардың су ығыстырғыштығы 12000 тоннаға дейінгі 3 танкерді бір уақытта өңдеуге мүмкіндігі бар.

"Сауда мақсатында теңізде жүзуді дамытудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 1263 қаулысы негізінде 2001 жылы қазанда анағұрлым кірісті активтер бөлігі (N 4, 5 және 9 мұнай құю айлақтары) " Қазтеңізкөлікфлоты" ҰТКК" ЖАҚ-қа сатып алу құқығынсыз 49 жыл мерзімге мүліктік жалға берілді.

## 3. 2001 жылғы қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелері, 2002 жылы күтілетін көрсеткіштері

### 3.1. Порттың 2001 жылғы жұмысының қорытындылары

2001 жыл ішінде 5 млн. 701,8 мың тонна жүк ауыстырылып тиелді, оның ішінде 4 млн. 326,6 мың тонна мұнай және паромдық тасымалдаулар мен астықты қоса алғанда,

1 млн. 376,2 мың тонна құрғақ жүк бар.

Сатудан түскен кіріс 3398,4 млн. теңгені құрады немесе өткен жылғы осындай кезеңде 1,5 есе өсті. Оның ішінде жүктерді ауыстырып тиеуден түскен табыс 3037,4 млн. теңгені құрады, N 4, 9 айлақтарды жалға алғаны үшін ақыны қоса алғанда басқа да жұмыстар мен қызметтерден түскен табыс 227,2 млн. теңгені құрады, кеме кірістерінен кіріс 121 млн. теңге және басқа да сатулар 12,8 млн. теңге.

Негізгі емес қызметтен түскен табыс, оң бағамдық айырмадан түскен табысты қоса алғанда 394 млн. теңгені құрады.

Шоттардың бас жоспарына сәйкес негізгі емес қызметтен түскен табысқа шығару, есептен шығару, негізгі құралдарды іске асыру, сондай-ақ кәсіпорынның ағымдық өндірістік қызметінен түсетін түсімдер нәтижесі кіреді, сол валюта өтімділігінен, бюджет қайтарымынан, шығындарды өтеуден, зиянды өтеуден және сол сияқтылардан сомалық айырма.

Барлық кіріс 3792,4 млн. теңгені құрады.

Теріс бағамды айырманы ескере отырып, жалпы шығысы жоспарланғанда 2459,8 млн. теңге болғанда 2222,6 млн. теңгені немесе жоспарды орындау 90,3 %-ды құрады. Жоспарды асыра орындаумен және өзіндік құнды салыстырмалы үнемдеу есебінен жоспардан тыс 305,3 млн. теңге сомасында таза пайда алынды.

Ақтау портын одан арғы қайта құру шеңберінде мынадай жобалар іске асырылды:

отандық жеке инвесторлардың тікелей инвестицияларының есебінен астық терминалы құрылысы;

темір жол паром кешені қайта құрылып, пайдалануға берілді, бұл жолаушылар тасымалы мен көлік құралдары тасымалымен қатар өңделетін жүктер номенклатурасын кеңейтуге, Ақтау-Баку бағыты бойынша пароммен толыққанды жүк тасымалын жүзеге асыруға, жүкті өңдеу мерзімін қысқартуға және тұтастай алғанда экспорт-импорт операцияларының көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

"АТСП" РМК 2001 жылы амортизациялық есептеулер есебінен өндірісті дамытуға 63,4 млн. теңге сомасында инвестицияларды жүзеге асырды. Амортизацияның қалған сомасы және бүкіл таза пайда ЕҚҚДБ заеміне қызмет көрсетуге және кәсіпорынның резервтік қорына бағытталды.

Өз капиталын дамытуға арналған өз қаражатымен қатар паром кешенін қалпына келтіруге 233,6 млн. теңге сомасында ТАСИС қаражаты пайдаланылды.

"АТСП" РМК жұмысының 2001 жылғы көрсеткіштері 3-кестеде көрсетілген

3-кесте

| Р/с N | Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | Жоспар | Нақты орындалғаны | Орындалу % |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Мұнай | мың тонна | 3000 | 4325,6 | 144,2 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. | Құрғақ жүктер | мың тонна | 905 | 1376,2 | 141,3 |
| | Оның ішінде | | | | |
| | а) металл | мың тонна | 700 | 988,9 | 151,4 |
| | б) астық | -"- | 150 | 84,1 | 56,1 |
| | в) басқалары | -"- | 47 | 32,8 | 69,8 |
| | д) паром | -"- | 8 | 270,4 | 33,8 есе |
| | | | тасымалдары | | |
| 3. | Барлық ауыстырып тиеу | мың тонна | 3905 | 5701,8 | 146,0 |
| 4. | Кірістер (барлығы) | млн. теңге | 3424,1 | 3792,4 | 110,8 |
| 5. | Шығыстар (барлығы) | млн. теңге | 2459,8 | 2222,6 | 90,3 |
| 6. | Корпоративтік салық | млн. теңге | 224,6 | 524,8 | 233,6 |
| 7. | Таза кіріс | млн. теңге | 739,7 | 1045,0 | 141,3 |

## 3.2. Порттың 2002 жылға арналған қаржы-экономикалық қызметінің күтілетін көрсеткіштері

Осы жылдың ақпан айынан бастап "АТСП" РМК-да Ақтау бағытындағы жүк тасқынының кенет төмендеуінен паром кешенінде құрғақ жүктерді және жүктерді ауыстырып тиеу жөнінде қолайсыз жағдай қалыптасуда.

Ақтау порты арқылы металл өнімдерінің жүк ағынын төмендеуінің негізгі факторлары:

металл рыногінің молығуына байланысты қара металл рыногінің жалпы әлемдік дағдарысы;

Ресей, Қазақстан, Украина комбинаттарының металл өнімдерін транзиттеуге кеден бажын өсіру сияқты бірқатар объективті себептерге қарай "Испат Кармет" комбинаты өндірген металл өнімдерінің жүк ағынының төмендеуі;

Ресей Федерациясы Көлік министрлігі мен Жол қатынастары министрлігінің жүргізіп отырған қолдампаздық саясатына, сондай-ақ Ақтау порты арқылы тасымалдау кезінде жасаушы зауыттарда тең емес босату бағасын қолданудан болатын кемсітушілік тарифтік режимін енгізуге қарай ресейлік комбинаттардың металл өнімдерінің жүк ағынының құлдырауы болып табылады.

Паром тасымалдарының жоспарларын орындамаудың себептері жүк жөнелтушілердің мақтаның, глиноземнің ауыстырып тиеу көлемін растамауы және бос вагондарды уақтылы қайтармауы болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша 1 жылда металды ауыстырып тиеудің көлемі жоспарланғанда 900 мың тонна болғанда 570 мың тонна болады деп күтілуде, паром тасымалдары жоспарланғанда 816 мың тонна болғанда 610 мың тонна көлемінде болжануда. Басқа жүктер жоспарланғанда 110 мың тонна болғанда 20,3 мың тоннадан

аз ауыстырып тиелетін болады. Сөйте тұра мұнайды ауыстырып тиеу жоспары 192,4 % -ға, астықты ауыстырып тиеу 104,6 %-ға орындалатын болады. Бүтіндей жалпы жүктерді ауыстырып тиеу жөніндегі жылдық жоспардың орындалуы 111,5 % деңгейінде күтілуде.

Ақтау портында кірістермен салыстыру бойынша шығындардың озық өсуіне жол бермеу мақсатында портты қолайсыз жағдайдан шығару жөніндегі дағдарысқа қарсы бағдарлама әзірленген және жүзеге асырылуда. Ақпан-мамыр айларында операциялық шығындарды оңтайландыру, жұмыс істейтіндер санын қысқарту жөнінде шаралар қабылданды (2002 жылдың басында персоналдың тізімдік саны 408 адамды құрады, 01 қыркүйекте ол 328 адамды құрады), жүктердің жаңа түрлерін және жүк тасқынының жаңа бағыттарын тарту жөнінде ықтимал клиенттермен жұмыс жүргізу жандандырыла түсті. Ақтау бағытындағы темір жол тасымалдарына шегерімдер алу жөніндегі жұмыс жүргізілуде.

2001 жылмен салыстырғанда 2002 жылы өндіріс көлемін төмендетуге байланысты 2002 жылы жарнама мен маркетингілік қызметке арналған шығыстар 2001 жылғы нақты шығыстармен салыстырғанда 32,7%-ға төмен күтілуде. Жарнама мен маркетингілік шығындар үлесі 2001 жылғы кірістерге қатысты 1,73 % құрады, 2002 жылғы кірістегі осы шығындар үлесі 1,46 % мөлшерінде күтілуде.

Дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асыруды ескере отырып, негізгі қызметтен түсетін "АТСП" РМК кірісі бір жылда жоспарланғанда 2709,8 млн. теңге болғанда 2718,6 млн. теңгені немесе 100,3 %-ды құрайды, жалпы кіріс жоспарланғанда 2900,7 теңге болғанда 2867,7 млн. теңгені немесе 98,9 %-ды құрайды.

Іске асырылған қызметтердің өздік құны жоспарланғанда 983,3 млн. теңге болғанда 874,4 млн. теңгені құрайды, кезең шығыстары жоспарланғанда 802,4 млн. теңге болғанда 759,7 млн. теңге шегінде күтіліп отыр. Таза кіріс жоспарланғанда 515,7 млн. теңге болғанда 540,0 млн. теңгені құрайды.

Негізгі капиталға инвестициялар 243,5 теңге құрайды. Көрсетілген қаражат порттық құрылыстар мен ғимараттарды салуға және қайта жаңартуға 45,2 млн. теңге, жабдықтар сатып алуға - 178,6 млн. теңге, жобалау жұмыстарын жүргізуге - 16,7 млн. теңге, негізгі құралдарды жөндеуге 3 млн. теңге бағытталатын болады. Осы жұмыстарға амортизациялық есептеулердің 82%-ы пайдаланылатын болады, амортизациялық есептеулердің қалған 18 %-ы және таза пайданың 100% ЕҚҚДБ заемдеріне қызмет көрсетуге және резервтік қор құру үшін пайдаланылатын болады. Сондай-ақ ТАСИС бағдарламасы желісі бойынша жабдықтар сатып алу үшін 10,6 млн. теңге сомасында гранттар пайдаланылатын болады.

Персоналдық орташа тізімдік саны жоспарланғанда 445 адам болғанда 389 адамды құрайды, жалақы қоры бойынша 407,1 млн. теңге шығын күтілуде, бұл жоспарланғанда 141 % болғанда күтілетін кірістен 14,2 % құрайды. Орташа айлық жалақы 87,2 мың теңге сомасында күтілуде.

2002 жылғы қорытындылар бойынша кредиторлық берешекті 2001 жылмен салыстырғанда 66,3 %-ға өсіру күтілуде, бұл теңгерімде Ақтау портының N 4, 5 және 9 мұнай құю айлақтарын ұзақ мерзімді жалдау сомасы 6323,6 млн. теңге мөлшерінде көрсетілуіне байланысты. 2001 жылмен салыстырғанда дебиторлық берешектің 2002 жылғы қорытындылар бойынша 26,8 есе күтілетін өсуі де Ақтау портының теңгерімінде N 4, 5 және 9 мұнай құю айлақтарын ұзақ мерзімді жалдауының сомасы 6357,8 млн. теңге мөлшерінде көрсетілуіне байланысты. Осы өзгерістер жүргізілген аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша және N 17 бухгалтерлік есеп стандарты негізінде кәсіпорын теңгерімін түзетуге байланысты енгізілді. Келесі жылдары мұнай құю айлақтарының ұзақ мерзімді жалдауымен байланысты кредиторлық және дебиторлық берешектер сомасы "Қазтеңізкөлікфлоты" ҰТКК" ЖАҚ айлақтарды пайдаланғаны үшін жалдау төлемін өтеуіне қарай азаятын болады.

## 4. 2003-2005 жылдарға арналған даму жоспары

### 4.1. Өндірістің даму серпіні

"Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2003 -2005 жылдарға арналған жоспары "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі N 1000 қаулысына сәйкес әзірленді.

Даму жоспары маркетингтік зерттеулер, кәсіпорынның 2001 жылғы қызметінің нәтижелерін талдау, 2002 жылы күтілетін нәтижелер және 2003-2005 жылдарға белгіленген пайдалану мен қаржы көрсеткіштерінің негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 110 қаулысымен бекітілген "АТСП" РМК дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспарын ескере отырып дайындалды.

Есептер ұлттық валюта - теңгемен жасалды.

2003 жылға арналған даму жоспарының негізгі көрсеткіштері бекітілген бес жылдық жоспарға сәйкес қабылданған. Сонымен бірге 2002 жығы күтілетін нәтижелерге негізделген жекелеген көрсеткіштер өзгеріске ұшырады.

#### 4.1.1. Ауыстырып тиеу мен кірістер көлемі

2003 жылға арналған жүктерді жалпы ауыстырып тиеу 3 млн. 724,7 мың тонна көлемінде немесе 2002 жылы күтілетін деңгейден 8,6%-ға өсумен жоспарлануда. Оның ішінде Ақтау портына тиісті айлақтар арқылы мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу 2 млн. 202,7 мың тонна көлемінде немесе 2002 жылы күтілетін көлеміне 109%

болжамдануда.

Металл өнімдерін ауыстырып тиеу көлемі 2003 жылға 500 мың тонна болып алынды, бұл 2002 жылы күтілетін көлеміне 87,7 % құрайды. Басқа жүктер 122 мың тонна (оның ішінде Баутино жүк ауданы бойынша 10 мың тонна) немесе 2002 жылы күтілетіннен 6 есе көп ауыстырып тиелетін болады, бұл ферроқорытпа, мақта, контейнерлер және басқалары сияқты жаңа жүк тасқындарын тартумен түсіндіріледі.

Астықты ауыстырып тиеу 300 мың тонна немесе 2002 жылға қарағанда 1,4 есе көп жоспарлануда, бұл астық терминалының жаңа қуаттарын қатарға енгізумен және Иран бағытында астықты ауыстырып тиеу көлемінің ұлғаюымен түсіндіріледі.

Паромдар арқылы жүктерді ауыстырып тиеу 600 мың тонна көлемінде немесе 2002 жылдың деңгейінде жоспарлануда.

Жүктерді ауыстырып тиеуден 2188,2 мың теңге сомасында немесе 2002 жылғы деңгейге 117,9 % кіріс алынатын болады. Оның ішінде:

мұнай және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеуден - 949,9 млн. теңге немесе 2002 жылғы деңгейге 113,6 %,

металды ауыстырып тиеуден - 598,5 млн. теңге немесе 2002 жылға 91,4 %,

басқа жүктер бойынша 279,3 млн. теңге сомаға немесе 2002 жылға қарағанда 6,5 есе көп кіріс алынатын болады,

астықты ауыстырып тиеуден кіріс 122,5 млн. теңге немесе 2002 жылғы деңгейден 1,5 есе көп құрайды,

паромдық тасымалдардан кіріс 238,0 млн. теңгені немесе 2002 жылға 99,1 %-ды құрайды.

"Қазтеңізкөлікфлоты" ҰТКК" ЖАҚ-қа мүліктік жалға берілген N 4, 9 айлақтарға танкерлердің кеме кірісінің саны 2002 жылы - 673 болады деп күтілуде, 2003 жылға 351 кеме жоспарланған, бұл 2002 жылғы деңгейден 2 еседей аз. Бұл " Қазтеңізкөлікфлоты" ҰТКК" ЖАҚ күштерімен 4 айлақты қайта жаңартуды жоспарлап жүзеге асырумен және онда кемелерді өңдеу жөніндегі жұмыстарды тоқтатумен түсіндіріледі.

Басқа жұмыстар мен қызметтер бойынша кірістің 2002 жылғы деңгейге қарағанда 9,7%-ға өсуі белгіленуде.

Бесжылдық жоспарда 2003 жылға 900 мың тонна металды ауыстырып тиеу көзделген болатын, алайда металл өткізу рыногіндегі әлемдік дағдарысқа байланысты бұл көрсеткіш 500 мың тонна көлемінде немесе 2002 жылғы күтілетін деңгейден 12,3 %-ға төмен жоспарлануда.

2004 жылы өндіріс көлемдерінің өсуі белгіленуде. Жүктерді ауыстырып тиеу 4 млн. 863,8 мың тонна көлемінде немесе 2003 жылғы деңгейге 130,6% жоспарлануда, жүктерді ауыстырып тиеуден түскен кіріс 2 млрд. 901,4 мың теңгені немесе 2003 жылға 133,4%-ды құрайды.

Жүк түрлері бойынша ауыстырып тиеу мынадай көлемдерде болжануда:

мұнай және мұнай өнімдерін - 1800 мың тонна немесе 2003 жылға 90%, ауыстырып тиеуден түсетін кіріс сомасы 802,8 млн. теңгені құрайды немесе 2003 жылға 84,5%.

металды - 600 мың тонна немесе 2003 жылғы деңгейден 20%-ға көп, кіріс сомасы 742,7 млн. теңгені құрайды немесе 2003 жылғыдан 24 %-ға көп.

басқа жүктерді - 178 мың тонна (оның ішінде Баутино ЖА - 20 мың тонна) немесе 2003 жылғы деңгейден 45,9%-ға көп, кіріс сомасы 408,3 млн. теңгені құрайды немесе 2003 жылғыдан 46,1%-ға көп.

астықты - 1200 мың тонна немесе 2003 жылғыдан 4 есе көп, кіріс сомасы 506,4 млн. теңгені құрайды немесе 2003 жылғыдан 4,1 есе көп.

жүктерді паромдар арқылы тасымалдау - 1085,8 мың тонна немесе 2003 жылғыдан 80,1 %-ға көп, кіріс сомасы 441,2 млн. теңгені құрайды немесе 2003 жылғыдан 85,4 %-ға көп.

N 4, 9 мұнай құю айлақтарына кеме кірістерінің саны 530 кеме немесе 2003 жылға қарағанда 1,5 есе көп құрайды, кеме кірістері бойынша кірістер 564,9 млн. теңге немесе 2003 жылғыдан 56,2 % құрайды.

2005 жылы жүктерді ауыстырып тиеудің одан әрі өсуі паром кешені бойынша - 2004 жылға 32,6%-ға, астық терминалы - 25%-ға және басқа жүктер бойынша 46%-ға жоспарлануда. Мұнай және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемі 2004 жылғы деңгейде қалады, металды ауыстырып тиеу 2004 жылға 16%-ға өсумен жоспарлануда және 1000 мың тоннаны құрайды.

Астықты ауыстырып тиеу бойынша көлемдердің өсуі мынадай факторларға байланысты:

Ақтау портындағы "Ақ бидай" ЖАҚ астық терминалының өткізу қуаттылығын бір уақытта сақтау көлемін 22,5 мың тоннаға жеткізу және ауыстырып тиеу бойынша қуаттылығын жылына 1 млн. тоннаға дейін перспективалық өсіру арқылы ұлғайту;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы шеңберінде дәнді дақылдарды өңдеу жөніндегі қосымша терминалды " Азықтүліккорпорациясы" ЖАҚ жоспарлаған құрылысы;

Иранның әлеуетті тауар өткізетін рыногі бағытында Ақтау порты арқылы дәнді дақылдарды тасымалдау мерзімі мен құнын қысқартуға мүмкіндік беретін 2003-2004 жылдар кезеңінде жоспарланған Краснооктябрь кеніші станциясы - Донской станциясы темір жол тармағын пайдалануға енгізуі.

Басқа жүктерді ауыстырып тиеу бойынша көлемнің өсуі мынадай факторларға байланысты:

Баутино жүк ауданының қайта тиеу техникасының жүк көтерімін осы портты 2004 жылы кеңейту есебінен ұлғайтуға. Жүк ауыстырып тиеуді 50 мың тоннаға дейін жеткізу белгіленуде;

Солтүстік Каспийдің мұнай кен орны үшін жабдықтарды ауыстырып тиеуді ұлғайтуға.

Жүк түрлері бойынша ауыстырып тиеуден түскен кірістер сомасы мыналарды құрайды:

мұнай мен мұнай өнімдері - 823,5 млн. теңге немесе 2004 жылға 102,6 %;

металл - 888,8 млн. теңге немесе 2004 жылға 119,7%;

басқа жүктер - 560,1 млн. теңге немесе 2004 жылға 137,2%;

астық - 649,3 млн. теңге немесе 2004 жылға 128,2%;

паром тасымалдары - 591,1 млн. теңге немесе 2004 жылға 133,9%;

N 4 және 9 айлақтарына танкерлер кеме кірісі - 883,4 млн. теңге немесе 2004 жылға 156,4%;

Жалпы кіріс 2005 жылы 4841,6 млн. теңгені құрайды, бұл 2004 жылғы деңгейден 26,2%-ға көп, өнімді іске асырудан түскен кіріс 4681,5 млн. теңгені құрайды немесе 2004 жылғы деңгейіне 127,5 %.

### 4.1.2. Өзіндік құнның құрылымы

2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы өндірістің 8,6%-ға өсуіне байланысты, 2002 жылдың деңгейімен салыстырғанда жоспарланған кезеңде өндірістік өзіндік құн 2,2%-ға өседі.

2004 жылы құрғақ жүктерді (металл, басқалар, паромдық тасымдар) жалпы ауыстырып тиеудің 2003 жылмен салыстырғанда 30,8%-ға өсуіне байланысты, осы кезеңге өндіріс көлеміне тікелей тәуекел шығыстардың өсуі есебінен ауыстырып тиеудің өзіндік құны 27,3 %-ға өсумен болжануда. Бұл: шикізат пен материалдар, жалақы, әлеуметтік салық, өндірістік қажеттер үшін электр қуаты және жаңа қуаттарды енгізу есебінен амортизация.

2005 жылы ауыстырып тиеу өзіндік құны, құрғақ жүктерді ауыстырып тиеу 28,8%-ға өскенде, 2004 жылмен салыстырғанда 20,9%-ға өседі.

2003 жылға арналған кезең шығыстары 2002 жылғы күтілетін деңгеймен салыстырғанда 2,3% өседі, себебі шығындардың жекелеген баптарын төмендетумен қатар қауіпті және зиянды өндірісте істейтін қызметкерлерді, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғаумен байланысты қауіп-қатерлерді сақтандыру бойынша қосымша шығындар жоспарлануда. Осы шығыстар болжамдар бойынша 100 млн. теңгені құрайды. Бұдан басқа, "Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялар) қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулысын орындау үшін қосымша шығындарға несиелік рейтинг өткізуге арналған шығыстар 6413,2 мың теңге сомасында (40 мың АҚШ доллары) кіреді. Келесі, 2004-2005 жылдары осы мақсаттарға арналған шығындар тиісінше 4995 мың теңге және 5127 мың теңге сомасында көзделуде (жыл сайын 30 мың АҚШ доллары есебінен). Несиелік рейтингке арналған шығыстар сомасы жоғарыда аталған қаулымен анықталған

несиелік рейтинг компанияларының ұсыныстары бойынша анықталған. Сонымен қатар , 2004-2005 жылдарға арналған кезең шығыстарына толқын тосқы мен тосқауылды қайта жаңарту және Баутино жүк ауданын кеңейту үшін пайыздар төлеу кіреді. Сонымен, көрсетілген қосымша шығындар 2004 жылы кезең шығыстары 895,2 млн. теңгені құрайды немесе 2003 жылдардан 15,2 % көп, 2005 жылы тиісінше 1080,3 млн. теңге немесе 2004 жылғы деңгейден 20,7%-ға көп.

Маркетингке арналған шығындар көлемі қолда бар рыногтік үлесті ұстау және ұзақ мерзімді келешекте жүктердің қосымша және жаңа көлемін тарту бойынша шаралар қолдану есебінен келесі кезеңдерде теңдестірілген қызметті қамтамасыз ету жолымен Ақтау порты бағытында жүк тасқынын тұрақтандыруға бағытталған іс-шаралар жүргізуді көздейді.

Тұтастай алғанда 2003 жылы маркетингілік мақсатқа бөлінген қаржы қаражатының жалпы көлемі 39,0 млн. теңгені құрайды, бұл тиісінше порт кірісінің жалпы деңгейінен 1,31% құрайды. Бұл ретте жалпы қабылданған практика маркетингілік мақсатқа арналған қаржылық шығыстар кәсіпорын кірісінің жалпы сомасынан орташа есеппен 2,5 % құрайтынын көрсетеді.

Қолданыстағы N 4, 9 мұнай айлақтарын "Қазтеңізкөлікфлоты" ҰТКК" ЖАҚ-қа жалға беруге байланысты мұнайды ауыстырып тиеудің ірі операторларының бірінің (" Теңіз Шевройл" компаниясы) кетуі сияқты теріс факторлардың туындауына қарай, сондай-ақ металды ауыстырып тиеу көлемінің төмендеуі 2002 жылы "АТСП" РМК кірістілік деңгейін төмендетуге елеулі әсер етті.

Қалыптасып келе жатқан жағдай, порттың елдегі оң әлеуметтік-экономикалық қайта құруға қатысушы ретіндегі тұрақты рөлін нығайту мақсатында жаңа маркетингілік шешімдер әзірлеуді талап етеді.

Маркетингілік іс-шаралар өткізу кезінде негізгі басты назар ішкі рыногке ғана емес, халықаралық рыногке де аударылатын болады (Өзбекстан, Тәжікстан, Қытай Халық Республикасы, Иран, Түркия, Еуропа елдері). Жүктің қосымша көлемдерін тарту мен қызметтің жаңа түрлерін дамыту мақсатында, сондай-ақ Қазақстанның су көлігі жүйесін әлемдік көлік жүйесіне кіріктіру және портқа халықаралық мәртебе беру шеңберінде Ақтау портын халықаралық көлік дәлізіне енгізу.

Осы іс-шараларды іске асыру халықаралық көрмелерге қатысу (конференция, саммит) және ықтимал клиенттермен тиісті іскерлік кездесулер өткізу, кездесулер ұйымдастыру және аса ірі БАҚ-ты пайдалану арқылы қоғаммен байланыс орнату жолымен жүзеге асырылатын болады.

Негізгі емес қызмет бойынша шығыстар 392,4 млн . теңгені немесе 2002 жылға 84,9 %-ды құрайды, бұл теріс бағамдық айырма сомасын төмендетуге байланысты.

2003 жылға арналған ақша қаражатының қозғалысы 2002 жылғы күтілетін көрсеткіштер негізінде және ЕҚҚДБ заемдары бойынша пайыздар төлеуді ескере отырып есептелген.

Порттың операциялық қызметтерінің нәтижесінде ақша қаражатының түсуі 2003 жылы 2826,7 млн. теңгені құрады.

Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының шығуы 1658,6 млн. теңге, инвестициялық қызмет бойынша 545,8 млн. теңге, қаржы қызметі бойынша 710,6 млн. теңгені құрайды.

2003 жылдың басында күтілетін 934,8 млн. теңге сомасындағы қалдықты ескере отырып, 2003 жылдың аяғында 846,4 млн. теңге ақша қаражатының қалдығы болжануда.

Кредиторлық берешек 2002 жылы күтілетінге қарағанда 2003 жылы 5,2%-ға төмендейді, дебиторлық берешекте 1,5 %-ға төмендейді. 2004 және 2005 жылдары толқын тосқы мен тосқауылды қайта жаңарту арналған сыртқы заем алуға және Баутино жүк ауданын кеңейтуте байланысты кредиторлық берешекті ұлғайту жоспарлануда.

### 4.1.3. Даму перспективалары және болжамы

"Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 853 Жарлығына сәйкес "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын және оның маңайындағы аумақтарды құру "АТСП" РМК-ны дамытуға қосымша импульс береді және мынадай стратегияның жергілікті міндеттерін шешуге мүмкіндік береді:

портты тұтынушыларға жобалық қуаттар шеңберінде жүктердің барлық номенклатурасын ауыстырып тиеу жөніндегі қызметтердің толық тізбесін ұсынатын табысты кәсіпорын ретінде дамыту;

бар өндірістік қуаттарды толыққанды пайдалану арқылы құрғақ және сұйық жүктердің рыноктық үлесін ұстап қалу;

жаңа қызметтерді толыққанды игеру (т/ж паромымен ауыстырып тиеу, астықты ауыстырып тиеуді өсіруге жәрдемдесу);

ЕҚҚДБ алдындағы міндеттемелері бойынша пайыздарды төлеудің уақтылығын қамтамасыз ету;

порттық инфрақұрылымды жетілдіру, феррохромды ауыстырып тиеу үшін мамандандырылған айлақты салу;

балама көліктік бағыттардан жеке меншік және транзиттік жүктерді тарту есебінен жүк айналымын ұлғайтумен қатар өндірістік қуаттарды одан әрі кеңейту.

### 4.1.4. Әлеуметтік мәселелер

Порттың өз теңгерімінде әлеуметтік сала объекттері (бала бақшалар, емханалар, қосалқы шаруашылықтар және осы тақылеттес объектілер) жоқ және оны бұдан былай

ұ с т а у д ы көздемейді.

Алайда, ағымдағы бизнес-жоспарларда, ұжымдық шарттарда, порттың перспективаға арналған даму жоспарларында порт қызметкерлерін және олардың отбасыларын, зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау, мәдениет пен спортты дамыту, порт қызметкерлері балаларының жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру жөніндегі бағдарламалар көзделген.

Сонымен, 2003 жылы әлеуметтік төлемдерге және демеушілік көмекке 16,0 млн. теңге жұмсау жоспарлануда, бұл 2002 жылғы күтілетін деңгейден 12,0 %-ға кем.

2003 жылға жұмыс істейтіндер санын өсіру 1,5%-ға жоспарлануда, 2004 жылы өндіріс көлемінің өсуіне байланысты 57 жаңа жұмыс орнын құру, 2005 жылы 29 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

2003 жылы орташа айлық жалақы 2002 жылғы деңгейге 0,3 %-ға, 2004 жылы - 14,2 %-ға, 2005 жылы - 18,5 %-ға ұлғайтумен жоспарлануда. Бір теңге кіріске еңбек ақы бойынша шығыстар 2003-2005 жылдары 14,1 тиынды құрайды.

### 4.1.5. Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және техникалық қауіпсіздік

Кәсіпорынды дамытудың 2003 жылға арналған жоспарында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды одан әрі орындау көзделіп отыр. Мәселен, құрамында мұнай бар суларды, шаруашылық фекальдық суларды қабылдау, өндірістік және қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету мен жайластыру, сорбенттер сатып алу жөніндегі шығыстарға 3,06 млн. теңге көзделген. Атмосфераға тастандыға және қалдықтарды жайластыруға экологиялық төлем 1,0 млн. теңгені құрайды.

Сондай-ақ 1,5 млн. теңге сомаға жинақтағышқа шектік-рұқсат етілген тастанды, қоршаған ортаның өндірістік мониторингі (теңіз суының, атмосфералық ауаның сапасын талдау) жөніндегі экологиялық паспортқа толықтырулар, өзгерістер енгізуді әзірлеу көзделуде. Бұдан басқа, портта табиғат қорғау қызметі жөнінде екі кеме бар, жылына оларға арналған шығын 37,0 млн. теңгені құрайды.

Кәсіпорында еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі қызметі жұмыс істейді. Өндірісте жазатайым оқиғалар мен жарақат алудың алдын алу іс-шаралары жүргізілуде . Еңбек қорғау мен техникалық қауіпсіздік жөніндегі шығыстар 2003 жылы 2002 жылғы деңгейде қалады, 2004-2005 жылдары еңбек қорғау туралы заңнамада белгіленген нормаларға сәйкес жоспарлануда.

## 4.2. Маркетингілік зерттеулер

### Мұнайды ауыстырып тиеу

2003 жылы Ақтау теңіз порты арқылы ірі мұнай жөнелтушілер мынадай мұнай өндіретін компаниялар болып табылатын үрдіс сақталуда: "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ, "Қаражанбасмұнай" ААҚ, "Ақтөбемұнайгаз" ААҚ, "Құмкөлмұнай" ЖАҚ, сондай-ақ мұнай және мұнай өнімдерінің шамалы көлемін ауыстырып тиейтін "Тексако" БК мен "Қазполмұнай" БК сияқты компаниялар.

Ақтау портынан қазақстан мұнайын экспортқа тасымалдау танкерлер арқылы ғана емес, бір рейсте 28 цистернаны тасуға қабілетті темір жол паромын пайдаланып та жүргізіледі. Мұнайдың осы көлемін "Ақтөбемұнайгаз" ААҚ мен "Құмкөлмұнай" ЖАҚ мұнай өндіретін компаниялар жеткізетін болады. Темір жол паромының желісі арқылы мұнайды экспорттаудың жоспарланған көлемі - жылына 400 мың тонна.

"Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ мұнай компаниясы географиялық факторға, өндіру көлемінің күтілетін өсуіне, перспективалық тауар өткізу рыногінде және өз өнімін жеткізудің жеңілірек тәсіліне қарай 2003 жылы мұнай ауыстырып тиеу жөніндегі негізгі клиент болып қалады.

Компания 2003 жылы 4500 мың тонна мұнай өндіруді жоспарлауда. Бұл ретте экспорт көлемі шамамен 3,5 млн. тонна құрайды. Тұтынушыларға шикізатты тасымалдау темір жол, Ақтау-Самара құбыр қатынасы бойынша да, Ақтау порты арқылы да жүзеге асырылады.

2003 жылы "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ Ақтау порты арқылы 1,3 млн. тонна шамасында ауыстырып тиеуді жоспарлауда.

"Теңіз Шевройл" БК 2001 жылы Ақтау портының қызметін тұтынушылардың бірегейі болып табылды. Алайда Ақтау порты арқылы мұнайды ауыстырып тиеу деңгейі 2000 жылы 1 млн. 500 мың тонна мұнайдан жылына 350 мың тоннаға дейін төмендей бастағанын ескеру қажет. Порт арқылы мұнайды ауыстырып тиеу көлемінің одан арғы төмендеу үрдісі сақталуда. Осыған байланысты 2003 жылы "Теңіз Шевройл" БК порт арқылы 150 мың тоннадан көп емес ауыстырып тиеуді жоспарлауда.

"Қаражанбас мұнай" ААҚ облыстың ірі мұнай өндіретін компанияларының бірі болып табылады.

Компания кейінгі жылдар ішінде өндіру көлемін белсенді түрде арттыруда, осыған байланысты Ақтау порты арқылы мұнайды ауыстырып тиеу деңгейі өсуде.

2003 жылы мұнай өндірудің деңгейін арттыруды белгілеуге қарай, "Қаражанбасмұнай" ААҚ Ақтау порты арқылы Ақтау-Баку-Поти (Батуми) бағыты бойынша 1,0 млн. тонна мұнайды ауыстырып тиеуді жоспарлауда.

"CNPC - Ақтөбемұнайгаз" ААҚ Ақтөбе облысындағы кен орнын игеруде. Игеріліп жатқан Жаңа жол және Кеңқияқ кен орындарында мұнай өндіру көлемін одан әрі арттыру себепті 2002 жылы компания өндіруді 4 млн. тоннаға дейін, ал 2005 жылы 7 млн. тоннаға дейін жеткізуді жоспарлауда.

Алдын ала деректер бойынша "CNPC - Ақтөбемұнайгаз" ААҚ компаниясы Ақтау порты арқылы 600 мың тонна мұнайды ауыстырып тиеуді жоспарлауда.

"Hurricane Kumkol Munai" мұнай өндіретін компаниясы" Hurricane hydrocarbons Ltd. " канада компаниясының еншілес кәсіпорны болып табылады. Қызылорда облысында Солтүстік және Оңтүстік Құмкөл, Майбұлақ, Арысқұм және басқа да кен орындарын игеруде.

2003 жылы "Hurricane Kumkol Munai" компаниясы Ақтау порты арқылы 802,7 тонна мұнай ауыстырып тиеуді жоспарлауда.

Бұдан басқа, ауыстырып тиеудің белгілі бір көлемі Маңғыстау облысындағы мұнай кен орындарын өндірістік игеруді жүргізуші әр алуан мұнай өндіретін компаниялардың жеткізімінен құралатын болады. Онымен қатар "Тексако" БК мен "Қазполмұнай" БК 2003 жылы әрқайсысы Ақтау порты арқылы 150 мың тоннаға дейін мұнай ауыстырып тиеуді жоспарлауда.

Ақтау порты арқылы мұнай ауыстырып тиеудің жалпы деңгейін төмендетуге 2003-2005 жылдары мұнайға әлемдік бағаның болуы мүмкін төмендеуі әсер ететін болады.

Мұнайды ауыстырып тиеуді өсіруге мынадай факторлар әсер етеді:

Республиканың мұнай өндіретін кәсіпорындарының мұнай өндіру көлемін ұлғайту;

мұнай өндіруші кәсіпорындардың Ақтау портына өндірілетін шикі мұнайды тұтынушыларға тасымалдау үшін оның географиялық тартымдылығына қарай әлеуетті бағытталуы;

SWAP операцияларын қайта бастау (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 шілдедегі N 927 қаулысымен бекітілген ИИР мен Қазақстан Республикасы Үкіметтерінің арасындағы келісімге сәйкес, ИИР солтүстік жағалауының мұнай өндіретін зауыттарына жеткізілетін қазақ мұнайын Батыстағы Қазақстан мұнайын тұтынушыларға жеткізілетін, ИИР оңтүстік аудандарындағы кен орындарынан алынатын мұнаймен алмастыру сызбасы бойынша).

## Құрғақ жүктік айлақтардан құрғақ жүктерді ауыстырып тиеу

1. Металл.

1) "Испат-Кармет" ААҚ бойынша:

Ақтау портында ауыстырып тиеу көлемінің құлауына әсер ететін теріс факторлардың бірі Иран Ислам Республикасында металл өнімдерін шығару жөнінде өз өндірістік қуаттарын арттыруға және Иранның Ресей, Қазақстан, Украина металлургиялық комбинаттарының арзандау өнімдерінің экспортына және транзитіне кеден бажын арттыруға байланысты металл қақтамаларына сұранысының төмендеуі болып табылады. Бұдан басқа, "Испат-Қармет" ААҚ өндіретін өнім сапасы төмен өнім болып табылады, бұл, тиісінше, "Магнитагор металлургиялық комбинаты", "Челябі металлургиялық комбинаты", "Ор - Халиловск металлургиялық комбинаты" және басқалары сияқты металлургиялық комбинаттардың өнімдерімен салыстырғанда оның бәсекелестік қабілетіне теріс әсер етеді. Сонымен бірге, Қытай металл қақтамаларын

экспорттау үшін 2001 жылы енгізілген және қолданылып жүрген кеден 6 металл өнімдерінің жүк ағынының бір бөлігін осы бағытқа қайта бағыттауға мүмкіндік береді. Сонымен, 2001 жылғы кезең ішінде Қытай бағытына экспортқа Қазақстан 900 мың тонна шығарды.

б) Ресей Федерациясының комбинаттары бойынша:

Ресей Федерациясы Көлік министрлігі мен Жол қатынастары министрлігінің Каспийге өз порттық қуаттарын жүктеуге бағыттап жүргізіп отырған қолдампаздық саясаты мен кемсітушілік тариф режимі ресей комбинаттарының металл қақтамаларының жүк тасқынын Ақтау порты арқылы бағыттан Астрахань порттары бағыттарына қайта бағыттауды тудыратын негізгі фактор болып табылады.

Қолайсыз тариф режимінен басқа металл өнімдерінің транзиттік жүк тасқынының көлемін төмендетуге жасаушы зауыттарда тең емес босату бағаларын қолдау әсер етті, бұл Ақтау порты арқылы тасымалдаған кезде металл қақтамаларының құнын өсіруден көрінеді.

Сонымен, қазіргі сәтте Ресей комбинаттарынан Иранға экспортталатын метал қақтамаларының бүкіл жүк ағыны Астрахань және Махачкала порттары арқылы тасымалданады.

Жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып, 2003 жылға пессимистік болжам " Испат-Қармет" қазақстандық металлургиялық комбинатының экспорттық жүк тасқыны көлемінен ғана тұратын 400 мың тонна деңгейінде болады.

Ақтау порты арқылы қазақстандық металл өнімдерін 2003 жылы экспорттау ИИР кеден баждарының қолданылу мерзіміне және "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" ЖАҚ-тың тариф саясатына байланысты болады.

Жаңа ауыл - Ақтау, Никель-Тау - Ақтау учаскелерінде төмендеткіш коэффициенттерді берген және ИИР кеден мәселелерін шешкен, "Испат-Қармет" ААҚ металын ИИР жеткізіп тұруға арналған келісім-шартқа қол қойған, сондай-ақ ресейлік металлургиялық комбинаттардан металл өнімдерінің транзиттік жүк тасқынын тартуды ескере отырып, Жаңа ауыл - Тобыл - Новороссийск бағытымен металл өнімдері жүк тасқынының бір бөлігін Ақтау портына (Жаңа ауыл - Ақтау - Баку - Батуми) қайта бағыттаған жағдайда Ақтау портында металл өнімдерін ауыстырып тиеу көлемінің 2003 жылға оптимистік болжамы шамамен 800 мың тонна құрайды, оның ішінде:

Ресейлік комбинаттардан транзиттік қақтамалар көлемі 150 мың тонна;

"Испат-Қармет" қазақстандық металлургиялық комбинатынан экспорттық жүк тасқынының көлемі - 650 мың тонна.

Осы уақытта мамандардың көпшілігі негізгі экспортшы және импортшы елдердің географиялық құрылымы 2003 жылы ерекше өзгерістерге ұшырамайды деген пікірге келуде. 2003 жылы Ақтау порты арқылы "Испат-Қармет" ААҚ өндірген металл қақтамаларын түсіруді тұрақтандыру және Ақтау портына транзиттік металл қақтамаларының шамало көлемін тарту жағдайында 2003 жылы негізгі болжам 500

мың тоннаны құрайды.

2) Астық

Иран ірі астық тұтынушы болып табылады. Өткен жылы осы жүк түрін Иран бағытында ауыстырып тиеу бір жағынан Ақтау портында астық терминалының болмауынан іркілісте болды.

